



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

1) арнайы экономикалық аймақтың қызметіне қатысу үшін арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушыларын тарту;

2) жеке және заңды тұлғаларды арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызмет жүргізуге жіберу жөнінде арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігіне ұсыныстар енгізу;

3) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу рәсімдерін жедел жүргізу, арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті рұқсат беретін құжаттарды алу мақсатында мемлекеттік органдармен қатынастарда арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының мүдделерін білдіру;

4) инфрақұрылымдық ресурстарды салу және кейіннен оларға пайдалану қызметін көрсету, арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына қызмет көрсету;

5) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларымен, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыруға жіберілген өзге де жеке және заңды тұлғалармен шарттарды жасасу және оларды бұзу;

6) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына қайшы келмейтін өзге де шаруашылық қызметті жүргізу жатады[4].

Арнайы экономикалық аймақты құрудың мақсаттары мен міндеттерінен мемлекет бірқатар макроэкономикалық реттеулерді пайдалана отырып, арнайы экономикалық аймақтың ішкі экономикалық ортасын қалыптастырады, ол белгілі дәрежеде жалпы ұлттық тәуелсіз болып табылады. Бұл тәуелсіздік арнайы экономикалық аймақтың мақсатты қызметтерінің ерекшелігін алдын ала шамалайтын арнайы экономикалық және ұйымдастыру шаралар жүйесімен қамтамасыз етіледі. Арнайы экономикалық аймақты басқару механизмі шетелдік капиталдың келуі үшін тартымды жағдайлар жасауға және халықаралық талаптар деңгейіне ұлттық және шетелдік резиденттердің жұмыс істеу жағдайының барынша жақындауын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасауынан тұрады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы «29» желтоқсандағы № 887 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2017 – 2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары»
2. <http://www.invest.gov.kz>
3. <http://www.mid.gov.kz>
4. Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылғы 21 шілдедегі № 469-IV Заңы

ОӘЖ 336.221.4

#### **САЛЫҚ САЛУДЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Жұмабай Берік Серікұлы**

*Beka960203@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Ғ.Е. Керімбек

Ежелден бері қазақ халқынан хандар, феодалдар, бай адамдар салықтардың көптеген түрлерін жинап отырды. Мысалы, қазақ халқының хандарының бірі Кенесары ханның салық саясатын алуға болады. Хандықтың қаржы мекемесі алым-салық жинаумен және керуендерден салық алумен айналысқан. Бұл мекемені Кенесары ханның туысы Сейілхан басқарды. Өзінің бір хатында Кенесары хан былай деп жазды: «Рахымбай, Қожабай, Шағзада молда Арғынбайды және Бұхар иелігіндегі барлық көпестерді ескертемін, зекет жинау үшін сұлтан Сейілханды, Шоқпар биді және молда Ғабдулсаттарды жіберіп отырмын, сіздер әр қостың оннан бір бөлігін беруге тиіссіздер». Кенесары ханның салық жинау саясатындағы

негізгі мақсаты – жеке феодалдар жинайтын салықты енді хан қазынасына түсетін жалпы салықпен ауыстыру болды. Бұл феодалдық салықты мемлекеттік салықпен ауыстыру қадамы болды.

Кенесары ханға дейін Қоқандықтар қазақтардан үш түрлі салық жинады:

а) түңгілік зекет – әр үйден 1 қой;

ә) алым зекет – 50 бас малдан бір мал;

б) харадж – әр қырманнан 3 қой, бұл салық егіншілерден алынады.

Сонымен қатар, кей кездерде әр үйден 3 қой не 1 ділдә (алтын ақша) көлемінде әскери салық алынған. Ал хиуалықтар Сыр бойы қазақтарынан 10 ірі қарасы бар адамнан 2 ділдә, 13 ірі қарасы, не 40 қойы бар адамнан да 2 ділдә салық алып отырған. Кенесары хан билігін мойындаған қазақтар Хиуа мен Бұхара ханына салық төлеуден және Орыс үкіметіне түтін салығын төлеуден құтылған еді. Бұл қазақтардың алым-салықтан біршама жеңілдеуіне әсер етті. Бірақ соғыс уақытының мүддесі – Кенесары хан қазынасына түсетін әр түрлі салықтарды қатаң талап етуге итермелейді, ал бұл оның қол астындағы қазақтарға ауыр соқты. Кенесары хан мал шаруашылығымен айналысатын аудандардан «зекет», ал егіншілерден «ұшыр» салығын сақтап қалды. Сонымен қатар, ол ауыл бойынша ерекше салық және әр түрлі дәстүрлі сый-сияпат ретінде сыйлықтар алды.

Зекет мөлшеріне жетпеген алтын күмістен, жетсе де иелігіне бір жыл толмаса, әйелдердің сәндік бұйымдарынан, үй-сарай, бау-бақшадан, қарызы болса зекет берілмейтін болған. «Зекет»салығын жинаған кезде, ол белгілі бір өлшемді сақтап отырды: 40 басқа дейінгі малдан 1 бас, онан әрі әр 40 бастан 1 бас алынып отырды. Көптеген қолға түскен Кенесары хан жасақтарының көрсетуі және патша тыңшыларының хабары осы мәліметті растайды. Кенесары хан өзіне қарасты рулардан зекетті киім, қару-жарақ, ер-тұрман түрінде жинаған. Жиналған зекет негізінен әскер қажетін өтеді. Мысалы, Жаппас руының қазағы Иманқұл Сарыбаев Орынбор Шекара комиссиясына берген көрсетуінде, өзінің арғын руында болған кезде, Кенесары ханның 130 төлеңгіті «Әр ауылдан бір жылқы, бір шапаннан зекет жинауға келгенін» хабарлайды [1].

«Зекет»сөзі бұл жерде дұрыс қолданылмаған сияқты. Өйткені зекет жиналған кезде салық ешқашан ауыл бойынша алынбаған. Алайда, Кенесары хан қоқандықтар мен хиуалықтар сияқты жан басына және үй басына салық салған емес. Мұрағаттық құжаттардан зекетпен қатар, қазақ рулары өз еріктерімен зекет көлемінен де асып түсетін садақа жинап отырғанын байқаймыз. Мұндай «ерікті жәрдем»шын мәнінде қосымша салық болды және осындай«жәрдем»жиі жиналып тұрды. Зекетпен қатар «ұшыр»салығы да жиналды. «Ұшырды» тек егіншілікпен айналасатын рулар ғана төледі. Олар салық жинаушыларға қырмандағы астықтың 10-нан бір бөлігін беріп отырды. Бұл уақыттарда Кенесары хан жақтарының біршама бөлігі Сыр бойында Сарысу, Іле, Ырғыз бен Торғай жағасында егіншілікпен айналысты. Бірақ жиналған салық жалпы мемлекеттік қазынаға түсті және көтерілісшілер мұқтажы мен әскерді ұстауға жұмсалды.

Кенесары ханның саудаға қарым-қатынасы да ерекше еді. Бастапқыда ол Орыс саудасын патшаның отарлық саясатын жүзеге асырудың бір жолы ретінде санап, оған қарсы болды. Сондықтан да ол қазақ даласы арқылы Орынбор, Петропавловск, Троискіден Орта Азияға бет алған сауда керуендеріне шабуыл жасап, сауданы тоқтатуға тырысты. Батыс-Сібір генерал губернаторлығының мәліметі бойынша тек 1837-38 жылдары Кенесары хан сауда керуендеріне шабуыл жасауының нәтижесінде 277500 сомға шығын келтірді. Жәбірленгендердің ішінде Қазан, Вятка, Рязань, Петропавл саудагерлері болды.

Кенесары хан аңғырттықпен Ресей Орта Азиямен саудасын тоқтатса, онда өкімет қазақ жеріндегі бекіністерді жойып, әскерлерін алып кетеді деп ойлады. Бұл Кенесары хан ордасында болған көпес Мухсимов пен Ибрасовтың көрсетулерімен де расталады: «Кенесары ханның ойы біздің көпестердің Ташкентпен және соған жақын жерлермен, қырғыз даласымен сауда қатынастарын тоқтату болды. Ол сонымен Орыс үкіметінің шет елмен сауда жасаудан түсетін пайдасын жоққа шығарғысы келді. Ал пайда түспейтін болса, онда олар сыртқы округтермен қырдағы Ақтау қамалынан бас тартады деп ойлауда» деді

олар. Алайда, сәл уақыттан соң, өз ордасын Ырғыз бен Торғай (Кіші жүз) маңына ауыстырғаннан кейін, Кенесары хан өз ойының қателігін түсінді және мәселенің бәрі саудадан емес, патшалықтың әскери-отарлау саясатында екендігіне көзі жетті. Сонымен қатар, ол шекара тізбегі аймағын мекендеген қазақтардың жергілікті орыс тұрғындарымен қызу сауда жасағанын да жақсы білген еді. Тілеу және Қабақ руларының билері Кенесары хан ауылына келгенде, оған орыстарға қарсы қимылын тоқтатуға ақыл берді. Себебі, «олар нан және басқа да тағамдарды сатып алып, пайда ғана көріп отырғандарын» айтты.

Саудадан пайда түспейтінін түсінген Кенесары хан енді Троиск, Сібір шектерінен Ташкент пен Хиуаға баратын керуен жолдарын түгелдей бақылап, олардан баж салығын алып тұрды. Салық салғанда, ол керуен басылардың көтерісшілерге қарым-қатынасын есепке алды. Орыс керуендері де әрдайым көп салық төлей қойған жоқ. Мысалы, 1841 жылғы Орынбор өкіметімен уақытша бітім кезінде Кенесары ханның өзі қазақ даласымен сауданы кеңейтуге жағдай жасап отырды. Бұл жерде Кенесары ханның орыс саудасына көзқарасының өзгеруін 1845 жылғы соңғы келіссөзге дейін, оның патша өкіметімен достық келісім жасауға болады деп үміттенгенімен түсіндіруге келетін сияқты. “Сонда, – деп ойлады ол, – қазақтар Ресеймен тығыз экономикалық байланыс орната алады”. Бұған оның Орынбор губернаторына мынадай өтінішпен хат жазуы дәлел бола алады: «Барлық сұлтандарды, старшиндарды, Орынбор тізбегі бойындағы бөліктердің басқарушыларын орнынан алып, барлық ордаларды оның қарамағына беру, сонда ол патша қызметінде өзін ақтай алады және тыныштық бұзыла қалса, бүкіл жауапкершіліктің толығын өз мойнына алады. Сонымен қатар Орынбор өлкесіне дейінгі кеңістікте бейбіт сауда жүргізуге жағдай бар және оны дамытуға үміттенеді» [2].

Кенесары хан ауылдарында сауда жасаған саудагерлерге салық салмады және олардың мүддесін қорғап отырды. Генерал Генске жазылған бір хабарламада былай деп айтылған: «Бүлікшілер ауылында болған көпестер көп пайда табуда, себебі ауылдарында сауда жасағандықтан және олардың өздері келетін болғандықтан, оларға тиіспеуге бұйрық берілген». Кенесары хан өзіне қосылған рулардан да біраз нәрселер сатып алып отырған. Сібір қырғыздарының шекара бастығы хабарында Кенесары хан өзінің серіктерімен Албан және Дулат руларының орталағында жүріп, қырғыздардан жоғарғы бағамен жылқы сатып ала отырып, біраз азық-түлік қорын жасағаны туралы мәліметтер бар. Кенесары ханның қолдауының нәтижесінде қазақтардың орыс тұрғындарымен сауда байланысы кеңейе түсті және шаруашылықтың табиғи негізгі ыдырауының алғышарттары қалыптаса бастады. Кейінгі жылдары қазақ қаласындағы сауда одан әрі кең қанат жайды. Бірақ ол өзінің айырбас сипатын өзгерте қойған жоқ.

Әр феодал өзі салық жинаушы және өзін өкіметтен тәуелсізбін деп санады. Бұл мемлекеттік бірлестіктердің бағынышты бөліктері арасындағы байланыстың әлсіздігіне жағдай жасады. Кенесары хан дәл осындай тәртіпті жоюға күш салды. Салықты тек жоғарғы өкімет жинай алатын болды, сондықтан өкіметтің рөлі күшейіп, ал жеке феодалдардың ұстанымы нашарлай бастады, келесідей төлемдер алынды:

- қоналға – әскерді ұштау үшін;
- жамалға – елшілерді ұстау үшін;
- дафтари – реестр, осы арқылы салық жиналу үдерісі жүріп отырды;
- сойырғал – Қазақ хандығы кезіндегі көшпелі ақсүйектердің отырықшылықты егіншілікпен айналысатын халыққа үстемдік құруының кең тараған түрі.

Қазақ қоғамының дәстүрлі төлемдері болып саналған салықтардың дамуы ерекше болды:

- зекет (діни салық);
- ұшыр (малға салынатын салық);
- ясан;
- сыбаға және т.б. [2].

Қорыта келгенде, сол кезеңдердегі құн төлеуден мемлекеттік жүйе ретінде – салықтарды белгілеуге және жинауға көшу өзекті мәселе болды. Тәжірибелік



қажеттіліктердің арқасында шарасыздан ғылыми теорияны туғызу қажет болды. Салық салу мәселелері әр кезеңдегі экономистердің, философтардың, мемлекеттік қайраткерлердің ең негізгі мәселесі болды.

Қаржы министрлігі салық және кедендік рәсімдерді белсенді түрде цифрландырып, бизнестің жұмысын жеңілдету жұмыстарын жүзеге асыруда. Үкімет отырысында қаржы министрі Бақыт Сұлтанов «Цифрландыру жобасының негізінде «жаңа стратегиялық үлгі – адал бизнестің жұмыс істеуіне араласпай, мемлекет пен бизнестің өзара әрекет ету платформасында бюджеттің табысты базасын қалыптастыру» жатқанын айтты. Кедендік әкімшіліктендіруді жетілдіру мен электронды кедендік декларациялауға көшу барысында жұмыс екі тәсіл арқылы іске асады, яғни «АСТАНА» ақпараттық жүйесі негізінде экспорттық-импорттық операциялар бойынша е-терезесін құрылады. «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесі СЭҚ-қа қатысушылар үшін қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз етіп, барлық кедендік рәсімдеуді алдын ала ақпарат бергеннен бастап тауарды шығарғанға дейінгі бақылауды автоматты түрде іске асыруға мүмкіндік беретін көпфункционалы және кешенді жүйе болып табылады», – деп атап өтті. «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесі кезең-кезең бойынша іске қосылады. 2017 жылдың 1 қазанынан бастап «Кедендік транзит» қосалқы жүйесі жұмыс істеп тұр. Жаңа жүйенің қолданыстағы жүйеден басты айырмашылығы – бұл ақпараттық жүйелер санын қысқарту, тауарларды, көлік шығару мен көлікті тіркеуді қағазсыз декларациялау мүмкіндігі. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап «АСТАНА-1» АЖ-ның қалған қосалқы жүйелері пайдалануға берілді. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап бір терезе аясында тоғыз рұқсат етуші құжат бойынша жұмыс істейтін механизм іске қосылды. Сондай-ақ 2018 жылы «Е-лицензиялау» мемлекеттік мәліметтер базасын «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесіне біріктіру арқылы мемлекеттік органдар ұсынатын 42 рұқсат құжаты туралы ақпарат электронды түрде түсетін болады.

«Салықтық әкімшіліктендіруді цифрландыру» бағыты төрт бастамадан тұрады: яғни «Электронды шот-фактуралар» және «Тауарларды таңбалау» ақпараттық жүйесі, блокчейн технологиясын қолдану арқылы ҚҚС-ны әкімшілдендіру, сонымен қатар әр түрлі дереккөздерінің мәлімет базасын біріктіру арқылы салық жинауды арттыру. «Электронды шот-фактуралар» ақпараттық платформасы таяуда құрылғанын, «интерфейстің қолайлығы мен тауарларды алып өтуді бақылауға қатысты функционалды құруға қатысты» толықтырылуда. «Жүйені қолданушылар саны күн санап артып келеді, бүгінгі күні оның саны 158 мыңнан артық, оларға 65 млн-нан артық ЭШФ берілген». «Тауарларды таңбалау» ақпараттық жүйесі теріден жасалған өнімдерді таңбалау және ЕАЭО аясы бойынша қанат қақты жобаны қарастырады.

27 қараша күні бұл қанат қақты жоба елімізде іске қосылды. Министр үш күн ішінде жүйеге шамамен 20 компания қосылғанын және 60 өнім таңбаланып үлгергенін айтты. «Келесі жылы осы қанат қақты жоба қорытындысы бойынша таңбаланып тауарлардың тізімін кеңейту қарастырылады. Бұл бастаманы Еуразиялық экономикалық одақтағы әріптестерімізбен тығыз ынтымақтастықта іске асырып жатқанымызды айтып кеткен жөн. Бұл бастамаларды іске асыру өтірік құжаттардың көшірмесімен жүретін тауарсыз операцияларға тосқауыл болады». Министрліктің бағалауынша, блокчейн технологиясын қолдану арқылы ҚҚС-ны әкімшілдендіру салық төлеушілердің қаржылық транзакция тізбегін бірден қадағалауға мүмкіндік беретін және оларға ҚҚС-ны қайтару кепілін іске асыратын жеке мәліметтер базасын құруға жағдай жасайды.

Еуроодақ елдерінің салықтық әкімшіліктендіруі блокчейн технологиясын енгізу туралы мәселені қарастырып жатқанын айтты. Қазақстанда қаржы министрлігі мен «ИТП» автономды кластер қорының бірігуімен блокчейн технологиясын енгізу (IBM Hyperledger Fabric) мен жасанды интеллект (IBM Watson) бойынша қолданбалы зерттеу зертханасы құрылды. «Блокчейнді қолдану заңсыздықтарды жоюға, жанама салықтарды әкімшіліктендірудің және салық төлеушілерге арналған есеп пен есептіліктің қарапайымдылығын қамтамасыз етеді. Жобаны «ИТП» АҚҚ-пен мемлекеттік тапсырма түрінде енгізу жоспарланып отыр. Жүйенің прототипін құру мерзімі – келесі жылдың тамыз

айы», – деді ол. Әр түрлі дереккөздерінің мәлімет базасын біріктіру арқылы салық жинауды арттыруды қаржы министрлігі салықтық әкімшіліктендіру мақсаты үшін Big Data құру арқылы іске асырмақ.

Сондай-ақ халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, «заманауи салықтық әкімшіліктендіруді іске асыру – бизнестен салықтық бақылау мақсаты үшін алынатын мәліметтер негізінде» жасалатынын атап кетті. «Мысалы, тасымалдау (теміржол және авиа) көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ кәсіпорындардан алынған суды, электр энергиясын пайдалану туралы мәлімет контрагенттердің салықтық есепте көрсеткен табысымен салыстырылады. Біз өзімізге осындай база құруды мақсат еттік». Жалпы цифрландыруға қатысты барлық шаралар «көлеңкелі экономиканың көлемін айтарлықтай қысқартып, бюджетке түсетін салықты арттыруы» керек. Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев ақпараттық жүйелерді тезірек енгізу қажеттігін айтты. «Бізде ақпараттық жүйелер дайын емес, кедергілер көп деп айтады. Қалай іске қосады, солай тез бұзылады. Бұл жерде адамын араласуынсыз болмайтын сияқты. Өйткені бюрократия тиімді. Ол жемқорлыққа әкеледі. Әсіресе кедендік және салықтық органдар. Жобалардың барлығын бірден іске қосу керек», – деді премьер-министр [3].

Қорыта келгенде, салық салу жүйесін цифрландыру нәтижесінде, 2025 жылға қарай салық жүктемесі мен мөлшерін ұлғайтпай-ақ ЖІӨ-ні шамамен 9%-ға арттыру арқылы жинауды жоспарлауға болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Умбеталиев А.Д. «Салық салудың теориясы: даму тарихы және қалыптасу кезеңдері». Монография. Алматы: Экономика, 2017.- 476б.
2. Умбеталиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. «Салық және салық салу». Т. 1: оқулық / - Өнд., толықт. 3-ші бас.- Алматы: Экономика, 2013.- 582 б.
3. <http://abctv.kz/kz/news/blokchejn-salyk-zhinauga-komektesedi>

УДК 336.24

### **АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ ИСТОЧНИКИ ФИНАНСИРОВАНИЯ КОМПАНИИ**

**Закирова ФанисаФанисовна**

[dilaraif@mail.ru](mailto:dilaraif@mail.ru)

Студентка 5 курса Института экономики, финансов и бизнеса БашГУ, г. Уфа, Российская Федерация, Республика Башкортостан  
Научный руководитель – Касимова Д.Ф.

Альтернативные источники финансирования чрезвычайно разнообразны и распространены в различной степени. К ним относятся такие всем известные виды финансирования как лизинг, факторинг, выход на рынок долговых ценных бумаг (эмиссия облигаций и векселей), поиск внешних инвесторов, в том числе такие сравнительно новые виды привлечения ресурсов как краудфандинг и бизнес-ангелы.

Рассмотрим наиболее доступные для каждой компании альтернативные источники финансирования.

Лизинг рассматривается как замена кредиту на приобретение различного оборудования или транспортных средств. Как и кредит предоставляется на условиях срочности, возвратности и платности. Лизинг на практике часто имеет более высокую стоимость обслуживания, которая может компенсироваться снижением налоговой нагрузки лизингополучателя.

Также лизинговое оборудование требует обязательного страхования, страховка увеличивает стоимость пользования таким оборудованием. Еще одной характерной особенностью лизинга для компании лизингополучателя является отсутствие необходимости